

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 30 желтоқсандағы N 1495 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 29 сәуір N 525. Күшін жойды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.12.28. N 1914 қаулысымен. ~ P001914

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Ақталған азаматтарға келген залалды өтеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 30 желтоқсандағы N 1495 P941495_ қаулысына мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ақталған азаматтарға (немесе олардың мұрагерлеріне) келген залалдың сомасын айқындау кезінде тәркіленген ақша сомасы, сондай-ақ бағалы қағаздар (чектер) бөлігінде 1947 жылғы ақша реформасы, 1961 жылғы баға ауқымының өзгеруі және ұлттық валютаға ауысуы ескерілетін болып, сондай-ақ жыл сайын бюджетті жасау кезінде, бекітілген 60 сом (0,12 теңге) мөлшеріндегі 1961 жылғы ең төменгі жалақы деңгейіндегі айлық есепті көрсеткіші мөлшерінің айналымдағы күніне белгіленген арақатынасы ретінде айқындалған есептесу коэффициенті қолданылатын болып белгіленсін";

7-тармақтың екінші абзацындағы "қаулының" сөзінен кейін "2" саны қосылсын, "ең төменгі жалақының заңмен белгіленген" және "ол" сөздері "жыл сайын бюджетті жасау кезінде бекітілген, айлық есепті көрсеткіші", "оның" сөздерімен ауыстырылсын;

8-тармақта:

"мүлкі қайтарылуға" сөздері алынып тасталсын;

мына мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын;

"Ақталғандар немесе оның мұрагерлері залалдың құнын алған кезде оған қаржы органдары сомасын хабарлағаннан кейін, залалды өтеу мөлшері оны төлеу себептері мен уақытына қарамастан одан кейін қайта есептелмейді.";

9-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде тұратын азаматтарға залалды өтеу тұратын жеріндегі мемлекеттің валютасымен төленеді."

Залалды өтеу сомасын белгілеу жөніндегі комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда, ақталған адам (мұрагер) сот органдарына өтініш береді," ;

аталған қаулыға "Есептесу коэффициенті" қосымшасының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі